Қарағанды қалалық мәслихатында

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Қарағанды қалалық мәслихатының тұрақты комиссияларының өткен аптада болған бірлескен мәжілісінде қаланың автомобиль жолдары мен аулаларын күзгі-қысқы маусымда күтіп ұстау мәселесі қаралды. Отырысты мәслихаттың құрылыс, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Төлеген Әшімов ашып, жүргізіп отырды.

Отырысқа қаланың Қазыбек би атындағы және Әлихан Бөкейхан аудандары әкімдерінің орынбасарлары Дәулет Маханов пен Әлібек Дүйсембеков, қала аумақтарын санитарлық тазалау жұмыстарын жүзеге асыратын мердігер ұйымдардың өкілдері қатысты.

Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы ауданының аумағы көлік жолдарын және аула аумақтарын таза ұстау мақсатында бірнеше секторға бөлінген. Олардың әрқайсысы бойынша мердігер ұйым анықталып, олармен 3 жыл мерзімге келісімшарт жасалған. Олардың ішінде Қала-Михайловка секторын тазалайтын «Тазалық Эксперт» ЖШС, Оңтүстік Шығысты тазалайтын «Lego Constraktion» ЖШС, Қала секторын тазалайтын «Saryarka Kazakhstan» ЖШС және басқа жеті мердігерлік ұйым бар.

Сөйтіп, қысқы мерзімде көлік жолдарын таза сақтау үшін 185 арнайы техника сақадай сай дайын тұр. Бұған қоса қажет болған жағдайда жалға алынатын 120 техника қосымша тартылмақ.

Жол бойында жұмыс істейтін жұмысшы саны бүгінгі күні 150 адам, олардың санын 200-220 адамға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Көктайғақ болған жағдайда жолға шашылатын құм-тұз қоспасының 13 мың тоннасы дайындалған. Оның тағы 12 мың тоннасы қосымша дайындалмақ.

Мердігерлік ұйымдардың жұмыс кестесі екі ауысымға құрылған. Олардың күндізгі ауысымы таңғы сағат 8.00-ден күндізгі 17.00-ге дейін және түнгі ауысымы кешкі сағат 19.00-ден түнгі 5.00-ге дейін. Бұған қоса магистральдық күре жолдарды тазалау да екі ауысыммен жүргізіледі.

Мектеп, балалар бақшасы, аурухана сияқты әлеуметтік нысандар маңын мердігерлік ұйымдар келісімшарт міндеттемелеріне сәйкес қардан бірінші кезекте тазартуды қамтамасыз етеді. Жеке меншік тұрғын үйлердің аумақтарын жинап, қардан тазалау және сыртқа шығару жұмысы әрбір сектор бойынша атқарылады. Аудан бірнеше сектордың әрбір секторы бойынша қарын тасып шығаруды қамтамасыз ететін өзінің мердігер ұйымы бар. Жазғытұрым қарғын судың астында қалу қауіпі болғандықтан, жеке меншік секторға ерекше көңіл бөлінеді.

Әлихан Бөкейхан ауданында автомобиль жүретін жолы бар 280 көше және жалпы ұзындығы 42 км болатын 210 орамішілік өтпе жолдар, сол сияқты ұзындығы 183 км жаяулар жолы (аудан бойынша 507 көше және 470 км автомобиль жолв бар) қамтылған.

Биылғы жылы автомобиль жолдарын күтіп ұстау мақсатында мердігерлермен үш жылдық келісімшарт жасалған. Жалпы алғанда аудан 14 секторға бөлінген, оларға 11 ұйым қызмет көрсетеді. Олардың ішінде «Каржолсервис» ЖШС, «ЖИЛКОМХОЗ 2030» ЖШС, «LegoContruction» ЖШС және басқа мердігер ұйымдар бар.

Қазіргі кезде мердігер ұйымдар қысқы маусымға дайындық жүргізіп жатыр, олар көктайғақ кезінде себілетін 10 мың тонна құм-тұз қоспасын (25 мың тонна дайындау жоспарланған) дайындап қойды. Енді арнайы техниканы дайындауды жүзеге асырып жатыр. Автомобиль жолдарына қызмет көрсету үшін мердігер ұйымдар 130 арнайы техниканы жұмылдыруды және жолда еңбек ететін 110 жұмысшы тартуды көздеп отыр. Бір сөзбен айтқанда аудандарда қысқы жол жұмыстарына дайындық деңгейі жаман емес.

Отырыстың қорытындысы бойынша депутаттар көптеген ұсыныстар жасады. Оның ішінде Қазыбек би атындағы және Әлихан Бөкейхан аудандары әкімдері аппараттарына:

қысқы күтіп ұстау бағдарламасын сапалы орындауға мердігер ұйымдардың жауапкершілігін арттыру жөнінде тиімді шаралар қабылдауды;

шағын және орта бизнес нысандарына санитарлық паспорт енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

қысқы кезеңде қажетті арнайы техниканың уақтылы шығуын қамтамасыз етуді;

тасқын кезеңіне дейін жеке сектордың қарын дер кезінде шығару жұмыстарын ұйымдастыруды;

мердігер ұйымдармен бірлесіп жолдарға, тротуарлар мен аулаларға құм-тұз қоспасын себу жұмыстарын уақытымен жүргізуді;

қар тазалау және шығару жүргізілетін учаскелерде мердігер ұйым туралы мәліметтер көрсетілген паспорттарды орнатуды;

білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік нысандар маңындағы аумақтарды бірінші кезекте тазалауды;

қарды жедел тазалау үшін қосымша арнайы техниканы тартуды;

қосымша арнайы техниканы тарту мақсатында қосымша конкурсты мерзімінде ұйымдастыруды;

депутаттар, аудан әкімдері және мердігер ұйымдар қатысатын өзара іс-қимыл чатын екі аудан бойынша ашуды ұсынды.

«Қарағанды қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-не:

қызмет көрсететін ұйымдар арасында аула аумақтарының санитарлық тазалығын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізуге;

«Қарағанды қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-не:

қала бизнес нысандары арасында санитарлық тазалықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;

«Қарағанды қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-не («Мәдениет және демалыс саябақтары басқармасы» КМК-ге):

қаланың саябақтары мен бақжолдарын тұрақты түрде санитарлық тазалап отыруды қамтамасыз етуді тапсырды.

Отырысты мәслихаттың құрылыс, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Төлеген Әшімов қорытындылады.

Сүйіндік Жанысбай